

ХАТТАМА № 2

Мектеп оқушыларының, жалпы жасөспірімдер арасында болатын құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 8-11 сынып оқушылары арасында өткен жиналыс

Өткен жері: АКТ залы

Уақыты: 04.09.2023

Қатысқандар: Қосшы қалалық полиция бөлімінің қызметкері Палтаев Б.Н, 7-11 сынып оқушылары, мектеп әкімшілігі, сынып жетекшілер.

Барлығы оқушы: 198

Күн тәртібінде:

- 1.Қылмыстық жауаптылықтың жасы
- 2.Есірткі қылмысының алдын алу
- 3.Зорлық зомбылықтың құрбаны болып қалмау
- 4.Мектеп формасы

Тыңдалды: Палтаев Б.Н – Құрметті оқушылар! Бүгін біздер, ересектер, сіздерге, мектеп партасында отырған балаларға біраз қызғанамыз. Өйткені мектеп қабырғаларында өткен жылдар адам өміріндегі ең қызықты, қаныққан әрі ұмытылмас, бұл ретте ең жауапты кезең.

Қазіргі уақытта білім табысты мансап және қалыпты, барлық мағынада лайықты өмір үшін басты негіз болып табылады.

Біз сіздерге үміт артып отырмыз. Балаларымыздың ең қабілетті, ең дарынды, ең ақылды екеніне, армандарына қол жеткізетініне сенеміз. Батылдықтарыңыз бен тапқырлығыңыз, шығармашылық қабілеттеріңіз, дүние жүзін одан сайын көркейтуді тілейтіндеріңіз әрқайсысыңызға жарқын болашақты қамтамасыз ететін болады.

Бүгін біз сіздерге Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты М.М. Ахметжановтың тапсырмасы бойынша келіп тұрмыз.

Ағымдағы жылғы 24 тамызда Ішкі істер мен оқу-ағарту министрліктерінің арасында кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өткен бірлескен отырыста Ішкі істер министрі полиция генерал-лейтенанты М.М. Ахметжанов барлық орта білім беру мекемелерінде «Жалпы құқықтық білім беру сабағын» өткізуді тапсырды.

Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның өмірі, оның құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына болып табылатыны және олардың мемлекеттің қорғауында екені көрсетілген.

Он төрт жастан бастап азаматтың әрекет қабілеттілігі пайда болады, ол өзінің құқықтарына билік ете алады және жауапты бола бастайды. Толық әрекет қабілеттілігі кәмелетке толғаннан, яғни 18 жасқа толған сәттен бастап пайда болады. **2017 жылы** бұқаралық ақпарат құралдарында кәмелетке толмаған жәбірленуші, күдікті, айыпталушы туралы ақпаратты таратуға тыйым салынды (бұрын бұқаралық ақпарат құралдарында күдіктінің, сондай-ақ жәбірленушінің толық сауалнамалық деректері көрсетілді, бұл олардың құқықтарына жағымсыз әсер ететін, қазіргі уақытта тек олардың жасы көрсетіледі).

2018 жылы балаларды олардың денсаулығына және дамуына зиян келтіретін ақпараттан қорғау жөніндегі заңнаманы бұзу үшін әкімшілік жауапкершілік көзделді (балалардың жасына сәйкес келетін ақпаратты алу мен тарату).

2019 жылғы сәуірде білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау саласы қызметкерлерінің кәметке толмағандардың құқықтарын бұзу фактілері туралы құқық қорғау органдарына хабарламауы үшін жауапкершілік енгізілді (*педагогтер мен медицина қызметкерлері кәметке толмағанға қатысты жасалған зорлық-зомбылықтың әрбір фактісі туралы міндетті түрде полицияға хабарлауға тиіс, зорлық-зомбылық қылмыстарының жекелеген түрлерін жасау үшін адамдардың педагогикалық лауазымдарды алуына тыйым салу көзделген*).

Осы жылғы мамырда Мемлекет басшысы балалардың құқықтарын сақтау саласындағы шараларды одан әрі күшейтуге бағытталған Заңға қол қойды.

«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңы «Интернет-ресурстардағы балаға қатысты кибербуллинг фактілерін қарау мәселелері бойынша өтініштер» 18-4-бабымен толықтырылды.

Әрдайым жіті әлеуметтік проблемалардың бірі болған жасөспірімдердің нашақорлығы жайлы сөз қозғайық.

Кез келген есірткі бүтін ағзаны бүлдіретін өте күшті у болып табылады, оның салдарын өзгертуге болмайды, жүрек пен бауыр күрделі әрі зиянды әсерге душар болады. Есірткі бас миына және нерв жүйесіне жағымсыз ықпал етеді, сондықтан адамның интеллектуалды қабілеттері де төмендейді.

Әрине адамның мінезі мен өзін-өзі ұстауы да өзгереді, адам әлсіз болып сезінеді, апатияға ұшырайды, тұйық болып кетеді, қызығушылықтар шеңбері күрт тарылтады.

Қазіргі уақытта жастар арасында есірткіні тұтынудың көлемі айтарлықтай ұлғайды, өйткені синтетикалық есірткіге тәуелділік бірінші тұтынудан басталады, тиісінше денсаулыққа тигізілетін зиян да бар.

Көз алдына елестетіп көріңіздерші, үш жыл ішінде есірткіні алу көлемі 6 кг-нан 140 кг-ға дейін артты.

Үш жыл ішінде полиция есірткіні жасап шығаратын 41 зертхананы жойды, тек осы жыл ішінде осындай 23 зертхана жойылды.

Өткен жылы «синтетикалық есірткі заттары» есірткінің ауыр түрлеріне жатқызылды, оларды сақтау үшін қылмыстық жауапкершілік бір грамнан басталады. Адамды он төрт жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартуға болатынын білесіздер ме?

Қазақстан Республикасы ҚК-нің 15-бабына сәйкес 16 жас қылмыстық жауаптылыққа тартудың жалпы жасы болып табылады, алайда адам жекелеген ауыр және аса ауыр қылмыстарды жасағаны үшін 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Тыңдалды: ДТІЖО Каепов А.М - Зорлық-зомбылық жеке тұлғаға қол сұқпаушылық, (тәндік және рухани мағынада) туралы азаматтардың құқын бұзатын бір адамның екінші адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі. Түрлі тәсілдермен ұрып-соғу, дене жарақатын салу, азаптау (азапқа салу және денсаулыққа зиян келтіру); адам психикасына (жүйкесінің тозуы немесе тіпті жындынып кетуін тудыруы мүмкін) қорқыту, тәнге жарақат салу катері жолымен ықпал ету және т.б. Зорлық-зомбылықты қолдану арқылы жасалған қылмыс, қылмыстық жауапкершілікті ауырлататын мән-жай болып табылады. Көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен

әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау.

-Егер Сізге тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, үйден кетіп калуға тырысу, ертерек қашып кетуге сөмкеңді дайындау, тиісті құжаттарыңмен бірге, көрші – көлемдеріңмен сөйлесу, айқай – шу шығарылғанда келу және полицияға хабарлау.

-Қауіп-қатерді азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін.

-Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек;

-Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет;

-Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мынадай принциптерге сүйенеді:

1) заңдылыққа;

2) адамның және азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің кепілдігін сақтауға;

3) адам мен азаматтың тәніне және психикасына азап әкелуге жол бермеуге;

4) отбасын қолдау және сақтауға;

5) тұрмыстық зорлық-зомбылықтан зардап шеккендерге көмек көрсету кезінде құпиялылықты сақтауға;

6) өмірде қиын жағдайға душар болған адамдармен жеке жұмыс жүргізуге негізделеді.

Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл жүзеге асыратын субъектілер

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) жергілікті атқарушы органдар;

3) отбасы және гендерлік саясат істері жөніндегі комиссия;

4) кәметке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар;

5) ішкі істер органдары;

6) қамқоршылық және қорғаншылық органдары;

7) білім беру органдары;

Тыңдалды: Каепов А.М – мектеп формасы бойынша.ҚР БЖҒМ 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы бекіткен орта білім беру ұйымдарында міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды ескере отырып және Ақмола облысы әкімдігінің 2021 ж 5 қаңтардағы қаулысымен бекітілген мектеп жарғысы мен 2022 жылдың 31 тамыз күні педагогикалық кеңестің шешімімен мектептің ішкі еңбек тәртібі бекітілді. Осы ереже ҚР «Еңбек Кодексіне» және мектеп – Жарғысына сай құрастырылған. Оның ішінде: оқушылар мектепке мектеп формасымен келеді.

Қыздарға:

Қою көк түсті жакет, жилет, аяқтың тобығын жабатын еркін пішілген шалбар және ақ блузка, юбка (ұзындығы тізеден 5 см жоғары емес), сондай-ақ сарафонға киюге рұқсат етіледі.

Ұлдарға:

Қою көк түсті костюм шалбар, жилет, аяқтың тобығын жабатын еркін пішілген шалбар, ақ түсті көйлек және күнделікті көгілдір түсті көйлек.

Дене шынықтыру, АӘД сабақтарын оқушылар арнайы форма, киім мен аяқ киім киіп оқиды.

Мектеп формасына түрлі конфессиялардың діни киім элементтерін енгізуге жол берілмейді.

Шешім:

1. Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқықбұзушылықтың алдын алу шаралары күшейтілсін;
2. Зорлық-зомбылыққа душар болған жағдада «Сенім телефоны» ақпараттық қызметін пайдалану;
3. Бөгде адамдармен қарым-қатынас жасауда қауіпсіздікті басты назарда ұстау;
4. Мектеп формасын қадағалау;

Хатшы  Жакыбаева